

«Күз келбеті»

(Балалар музыкамен залға кіреді)

Жүргізуші:

Қуандырып біздерді,
Мерекелі күз келді.
Кел, жемісті Алтын күз,
Кемелденсін халқымыз!

Құрметті ата – аналар, әріптестер! Алтын күз мерекесі құтты болсын! Біздің балаларымыздың «Күз келбеті» атты ертеңгілігін тамашалаңыздар. Ертеңгілігімізді бастамас бұрын осы «Мамина» шағын орталығының меңгерушісі Оспанова А.С сөз береміз.

Тақпақтар:

Аянат:

Күз келді алақай,
Алтын келді далаға.
Дәні бітік бибдайды
Құйып жатыр қамбаға.

Алибек:

Егінді ел жинайды,
Қырманға дән симайды.
Біздің дала бай дала
Алтын астық айнала.

Маджида:

Думан толы асқаралы,
Күз мезгілі басталады.
Күз әдемі келіп жетті
Әнге бөлеп жастарды.

Дана:

Молшылыққа бөленген,

Күз айы неткен ырысты ең?
Біздерді қауыштыратын
Ыстық ұл бақшамен.

Аружан:

Қарашы күз келді,күз келді.
Жапырақ жауыпты іздерді
Құс біткен керуен тізеді
Қара бұлт қабағын түйеді.

Ән: «Күз келгенде»

1.Күз келіпті көңілсіз,
Десек те,десек те.
Күздің берер жемісі
Есепте,есепте.

Қайырмасы:

Түрлі түсті бояуын,
Жер бетіне кестелеп
Күз келгенде егінші
Егін жинар дестелеп.

2.Күз келіпті көңілсіз,
Десек те,десек те.
Бау бақшаның пісері,
Есепте,есепте.

3.Күз келіпті көңілсіз,
Десек те,десек те.
Мақта теру маусымы,
Есепте,есепте.

Күз:

Береке бақ дарыған,
Жомарт көңіл,жарқын жүз.
Сары алтынға малынған

Алтын күз деген мен болам.

Армысыңдар,балалар!Армысыздар қонақтар!Мен келгенде
астық жиналып,жеміс жидектер пісіп,көкөністер көбейеді.

Жүргізуші:

Алтын күз білеміз.Міне,олардың өздері де ортаға шығып,өзінің
өлең – шумақтарын оқып береміз дейді.

Қауын – Арман:

Жинап жатыр ауылым,
Сап сары ала қауынын.
Алмақ едім үлкенін
Ауырын – ай ауырын.

Қияр – Исламбек:

Қызықтың ба қиярға,
Алда жей бер ұялма.
Көтергенше берейін
Қапшығыңа сияр ма?

Өрік – Аружан:

Уылжыған өрікпін,
Мен бау – баққа көрікпін.
Бал татыған дәмім бар
Көктемде ерте гүлдеймін
Піспей тұрған кезімде,
Менен аулақ жүр деймін.

Асқабақ – Ләйлә:

Асқабақтың дәмі,
Таңдайымда әлі.
Кептірілген дәмі
Таптырмайтын дәрі.

Қызылша - Әмина:

Мен де бір сөз айтайын,
Мақтанайын сіздерге.

Менсіз борщ болмайды
Винегретте үстелде.

Шие – Аруна:

Мен моншақты шиемін,
Құмарсыңдар білемін.
Кетіп қалып жүрмесін,
Тамағыңа сүйегім.

Қарбыз – Айзере:

Күннің нұрлы шуағы,
Шұғыла боп шалады.
Шөлің әбден қанады
Көзің шамдай жанады
Тамылжыған шырыны
Таңдайымда қалады.

Жүзім – Дияр:

Жұлып едім жүзімді,
Жүзі бірден үзілді
Жүзінде жеп қойыппын
Өзім әбден тойыппын.

Алма – Анжелика:

Бір тістеп өзін алғамды,
Дәмі аузымда қалғанды.
Домалатып жеймін мен
Күнде қызыл алмамды.

Асқабақ:

Қуалап допша ойнаса,
Қабағы тіпті қатты екен.
Қазанға түсіп қайнаса
Тілді үйірген тәтті екен.

Көрініс.

Ағаш – Абылай:

Күн шуақта маужырап,
Жатыр еді атырап.
Қыс ызғарын сезгендей
Жабырқайды жапырақ.
Алтын, сары, қызыл, көк.
Алуан – алуан жапырақ
Бұтағынан жамырап
Ұшты кенет жапырақ.

Би: «Жапырақтар».

Маджида, Томирис, Анжелика.
Аякөз, Ләйлә.
Аянат, Аружан, Айзере.

Жүргізуші:

Балалар, мен сендерге бір әңгіме айтып берейін.
(Залға Бағбан мен көкөністер кіреді).

Алтын күз:

Бұлар тағы айтысып жатыр қайсысының адамға пайдалымын
деп айтысады.
(Бағбан тырмамен жер жыртып жүреді).

Бала – Арман:

Мұқалмаған жігері,
Атай әлі күшінде
Қашан көрсең жүреді,
Бау – бақшаның ішінде
Қолы неткен епті еді,
Бәрін өзі істейді
Ертелі кеш кетпені
Иығынан кетпейді.

(Бағбан Күнбағысқа келеді).

Бағбан – Айбек:

Күнбағыс – ау,күнбағыс,
Күнді сүйген сен нағыз.
Күн ауғанда сен ауып
Төбеңнен күн өтпейме.
(Күнбағыс кілт басын жерден жұлып алады).

Күнбағыс – Дана:

Күнді,күнді қараңдар!
Шағын шашып,нұр төгіп тұр!

Би: «Күншуақ».

Айбек,Дана,Исламбек,Лилиана.
Әмина,Лев,Аруна,Алибек.
Абылай,Арман,Максим,Дияр,Артем.

(Биден кейін жуа,сәбіз,картоп,қызанақ отырып ұйықтайды).

Күнбағыс – Дана:

Қане,тұрыңдар!Күнді көріңдер!
(Әрқайсысын жұлқылап оятады).

Жуа – Аянат:

Не болды?

Сәбіз – Маджида:

Бұл не айқай?

Картоп – Алибек:

Ұйқымды бұздың ғой.

Күнбағыс – Дана:

Әй,сендер – ақ мүлги бересіңдер.Мен сияқты күнді көрмейсіңдер
ме?Сендер ешкімге де керек емессіңдер.

Жуа – Аянат:

Біз адамдарға пайдалымыз.Менде дәрумендер көп.
Жөтелге,тұмауға,күйген жерге басқа да ауруларға қарсы еммін.

Картоп – Алибек:

Әй,әй Жуажан.Қалай ұялмайсың!Сен адамдарды жылатасың ғой.Адамға пайдалы деп мені айт.Менде глюкоза,крахмал деген заттар бар.

Сәбіз – Маджида:

(Бетін шымшып) Ұят – ай.Картоп дегенің мақтаншақ екен ғой.Мақтансам мен мақтанайын.Адамдар мені дәрі – дәрмек үшін өсіреді.Содан соң тамақ ретінде өсіреді.Мені қан азайғанда пайдаланады.

Қызанақ – Аружан:

Қып – қызыл боп қалғанда,
Ауызыңа салғанда.
Не жетеді шіркін – ай,
Қызанаққа жалғанда!

Біле білсеңдер мені адамдар тамақтарына қосып пайдаланады.
Менің де адамдар үшін беретін дәрумендерім мол.

Сәбіз – Маджида:

Уа,Адам!Біз таң атпай дауласып жатырмыз.Қайсымыз пайдалымыз.Айтып беріңізші!

Бала – Арман:

Маған бәріңде керексіңдер.Бәрің де пайдалысыңдар!Күнбағыстан алған майға картоп,сәбіз,жуаны қуырып тамақ пісіремін.Енді дауды қойыңдар.Күннің нұрын,ауаның тазасын жұтып өсе беріңдер.

(Көкөкністер «дос болайық,дос болайық»,- деп бір түзуге тұрады).

Ән: «Дос болайық бәріміз».

Әр қашан біз біргеміз,
Ажырамас іргеміз.
Ілгері жүріңдер
Достық жырын біліңдер
Ту ғып ұстап бірлікті

Еңбекті сүйіңдер.

Дос болайық бәріміз,
Жарасып тұр әніміз
Тыныштықты сақтаймыз
Атсын күліп таңымыз.

Қайраттанып ғарышта,
Озып шыққан жарыста.
Ұтымпаз жасұлан
Самғап биік алысқа.
Жұлдыздарға ғарышта
Бойда күш тасыған.

Жүргізуші:

Осындай дәулеті тасыған еліміздің алқабы астыққа толы болса
нан да,ән де болары сөзсіз.

Арман:

Отан осы достарым,
Көңілге мұны түйе біл.
«Отан» деп өс жас қауым
Оны ардақтап сүйе біл.

Томирис:

Арпа,бидай,тарылар,
Сұлы,күріш бәрі бар.
Әуендетіп шырқалған
Әнге құлақ шалыңдар.

Ән: «Қазақстан».

Болашақтың гүліміз,
Жарқын біздің үніміз.
Достық білім мекені
Біздің туғае еліміз.

Қазақстан туған жерім,
Қазақстан туған елім.
Балалықтың өлкесінде
Қызығы мол балдәуренім,
Қызығы мол балдәуренім
Балдәуренім, балдәурен.

Бақыт құшқан баламыз,
Гүлге оранған даламыз.
Жаңа елдің көгінде
Жұлдыз болып жанамыз.

Маджидә:

Күзгі бақтағы қонақтар,
Айналайын балалар.
Мерекеміз бүгінгі
Естен кетпес күн болады.

Осыменен «Алтын күз» мерекесін аяқтауға рұқсат етіңіздер.
Зейін қойып тамашалағандарыңызға көп – көп рахмет.

Қазақстан туған жерім,
Қазақстан туған елім.
Болашақтың өлкесінде
Қызығы мол балдәуренім,
Қызығы мол балдәуренім
Балдәуренім, балдәурен.

БЕКІТЕМІН:
«Мамина» мектепке
дейінгі тәрбие мен білім беру
орталығының меңгерушісі:
Оспанова А.С.



«Күз келбеті»

«Айгөлек» тобы